

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген мақсатта қазіргі кезде, қазақ тілінің мәртебесін арттыруға баса көңіл бөлінуде. Мемлекеттік құрылымдардағы мамандардың мемлекеттік тілді білуі коммуникативтік біліктілікті қамтиды. Сол үшін тіл үйренушілердің бүгінгі таңдағы сұраныстарын қанағаттандыру мен елтануға қатысты мәліметтер басшылыққа алынып, деңгейлеп оқыту әдісіне негізделгені жөн. Яғни, мұнда тілді сөйлеу және жазу, оқу және тыңдау дағдысы бойынша меңгеру баса ескеріледі. Тіл үйренушіні қазақ тілінде жетік сөйлеуге дағдыландыру үшін ең алдымен сапалы білім қажет. Мемлекеттік тілді дамытудың кешенді бағыты тіл үйренушінің тілдік тұлғасын қалыптастыру арқылы жасалады. Оның бір мүмкіндігі қазіргі заман талабына сай техникалық құралдар, компьютер, электрондық оқу құралдары, ноутбук, проектор, мультимедия кабинеттерінің мүмкіндіктері, тест тапсырмалары арқылы білімін тексеру, тілді жедел меңгерудің бірден-бір жолы болып табылады. Тіл маманы, зерттеуші ғалым Қ.Қадашева тіл үйренушілерге мамандық тілін оқыту барысында негізгі бағыт ретінде бірнеше ұсыныс ұсынады:

- мамандығы бойынша ақпараттық және лексикалық-грамматикалық минимумдарды баяндау;
- осы арқылы дағды мен ептілікті қалыптастыру;
- тілдік өрнектерді сараптау;
- үйренушінің өз мамандығына сәйкес, тілді коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай дәрежеде біліп шығуын қамтамасыз ету;
- сөйлеу әрекетінің негізі қамтылатын мәтіндерді беру;
- елтануға қатысты материалдарды үйренушінің өз қажетіне қарай пайдалану;
- сөйлеу жағдаятын үйренушінің мамандығына қарай бейімдеу; арнаулы терминдерді берілуін қарастыру;
- кәсіби тілдік құзіретін қалыптастыру.

Үйренушілер фундаменталды-теориялық біліммен бірге болашақ мамандығы бойынша да білім алуы керек. Тілді үйрету барысында кез-келген сабақ грамматикалық, коммуникативтік, фонетикалық минимумдары айқындалған белгілі бір тақырыпқа,

Қазақ тілін кәсіби оқытудың шаңыздылығы

сол тақырыптың мәнін ашатын мәтінге негізделеді. Ал мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің семантикасы мен құрылымдық ерекшеліктерін нақтылайтын жұмыс түрлерінің қандай болсын шығармашылық сипатта өрістеуі тиіс.

Тілді үйретудегі басты бағыт – коммуникативтік бағыт қатаң сақталуы тиіс. Сөйлеуге бағытталған коммуникативтік тапсырмалар жүйелі түрде сұрыпталуы керек. Мысалы күнделікті өмірге қатысты актив сөздер, жағдаяттық сұхбаттар, тақырыпқа қатысты пәрменді сөздер, елтанымға қатысты шағын мәтіндер т.б. Сондай-ақ синоним, омоним, антоним сөздерді, сөз түрлендіруші қосымшаларды, тұрақты тіркестерді, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді жеңілден күрделіге қарай сатылып оқытқан жөн. Ал етістік минимумына қалып етістерден бастап, етістіктің барлық түрлерін кіргізуге болады.

Қазақ тілін оқыту – қоғам қажеттілігімен, қазіргі өмір талабынан туындап отыр. Қазіргі қоғамның алдындағы негізгі мақсаттың бірі – биік кәсіби, іскерлігі адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларды дайындау. Кәсіби іскерліктерді жетілдіру жұмыстары кәсіби қызығудың пайда болуымен байланысты. Ал кәсіби қызығушылық дегеніміз - студенттердің болашақ мамандықтарына жетелейтін, олардың іс-әрекеттерін белсендіретін қызмет. Қызығуды тудыратын қажеттілік. Студенттердің бойында өз мамандығына мақтанышпен қарау, табысқа жеткендігі қуаныш сезімі қалыптасады. Ал бұл өз кезегінде студенттің кәсіби іскерлігі мен дағдысын дамытуға итермелейді. Кәсіби іскерлікті қалыптастыру дегеніміз- болашақ маманның іс-әрекетінде кездесетін мәселелерді дұрыс шешудің негізі болып табылады. Студенттердің кәсіби білімдері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы болашақ еңбек іс-әрекеттерінде шебер қолдана білу қабілетін шыңдау болып табылады. Студенттің мамандыққа қатысты берілген мәтіндерді түсіну деңгейі әр түрлі болады. Оның мәтін мазмұнын толық түсінуі, ең басты ойды түсінуі, бөлшектеп түсінуі, яғни өз мамандығына байланысты ақпаратты қажетіне қарай нақтылап түсінуі менгерген дұрыс. Лексикалық сөздік қоры бай студент өз мамандығының сөз мәдениетін меңгеруге, өз кәсібін кадрлей білуге, оған жауапкершілікпен қарауға, орынды, әсерлі сөйлеуге ұмтылады.

Мамандыққа қатысты берілген мәтіннің өзіннен бірнеше коммуникативтік жаттығулар жасау арқылы сөйлесім әрекетінің бірнеше түрін қолдануға болады. Мәтін бойынша бірнеше жаттығу түрлеріне тоқтала кетейік:

- мәтінді дауыстап оқу;
- мәтіннен тірек сөздерді жазып алу;
- тірек сөздер арқылы сөйлемдер құрастыру;
- мәтін бойынша пікір алысу;
- мәтіндегі айтылған ойға қарсы пікір айту немесе айтылған пікірді қолдау;
- мәтін бойынша алған жаңа мәліметіңізге таңданыс білдіру;
- берілген мәліметке толықтыру енгізу және т.б.

Мұндай жаттығулар тіл үйренушінің сөйлеуін дамытады, тілді күнделікті өмірде пайдалана білуіне жәрдем жасайды.

Кәсіби тілді мамандыққа сәйкес қатынас құралы ретінде үйретуде берілетін тапсырманың қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға қарай сатылай өсуі арқылы жүргізілетін жұмыстардың жүйелілігі мен жалғастығы, алған білімдерін тәжірибеде пайдалана алу сияқты ұстанымдар басшылыққа алынуы керек.

Кәсіби лексикалық минимум студенттердің мамандығы туралы алған ақпараттыран жетілдіреді, сөздік қорын байытады, сауатты жазуға, дұрыс сөйлей білуге дағдыландырады.

Қорыға келе, мамандыққа байланысты мәтіндер арқылы студенттердің келешек мамандығы бойынша өте қажетті, пайдалы мағлұмат берілетін болғандықтан, студенттер өз мамандығына байланысты мәтіндерді қызыға оқиды. Мамандыққа байланысты мәтіндер студент білімін толықтырып қана қоймайды, сонымен қатар ғылыми сөйлеу және жазу стилін де дамытады.

*Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың оқытушылары:
Тойғанбекова М.Ш., Сандықбаева Ө.Д., Әділханова Ж.С.*

Ел ертеңінің арқауы - Президент жолдауы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің халыққа жолдауы, талқыланды. Бұл жолдау 1қыркүйек білім күніне орай ел жүрегіне жол тартты. Еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске қадам басқалы тұрған осы бір ерекше кезеңде жасалған бұл жолдаудың Қазақстан халқы үшін орыны бөлек, берері мол жолдау болды. Өйткені мемлекет басшысы жолдау барысында жұрт көңілінде жүрген түйткілді мәселелерді ортаға қойып, оны қалай шешу жолдарын айқындап, алдағы жылдары атқарар міндеттерімізді белгілеп берді. Президент жолдауын біздер, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстаздары бастан аяқ зор ықыласпен тыңдап, әрбір тармағына дейін талқыға салып, рухын бойымызға сіңіре білдік.

Жолдау - белгілі мерзімде ел дамуына арналған басты құжаттардың бірі екендігі белгілі. Бүгінгі Жолдау стратегиялық тұрғыдан да, нақтылығымен де сипатталып отыр. Президент жолдауының негізгі бөлігі әлеуметтік-экономикалық мәселелерге бағытталды. Соның ішінде жолдаудың білім беру мен ғылым саласына арналған бөлігі аса маңызды. Әсіресе жолдауда айтылған, кейбір оқу орындарындағы «Білім саласын бизнеске айналдырып алған» жәйттерін сынға ала отырып, еліміздегі маңызы зор Ұлттық университеттің ұстаздары ретінде бұндай жәйтке әсте жол бермей, ел болашағы жастарға жүйелі білім беру жолында қажыр-қайратымызды аямау керектігі алға тартылды. Жемқорлық пен паракорлық кез-келген мемлекет үшін өте қауіпті. Бұндай дерт жайлаған қоғамда даму, өркендеу болмайды. Осы қатерлі дерттің білім беру, ғылым саласында орын алуы, мемлекеттің дамуына тигізер кері әсері өте ауыр болатындығы белгілі. Осы орайда, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті бірнеше жылдан бері «Таза сессия», «Жеморлықтан арылған университет» акцияларын іске асыруда. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің басшылығымен 2020 жылдың 19 тамызында «Коррупцияға қарсы күрес мәселесі атты» Кеңесте атап өткен «Жүйелік негізде коррупцияның алдын-алу» міндетін орындауға мүмкіндік беретін бірқатар шаралар қабылданды. Атап айтсақ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде антикоррупциялық мәдениет пен антикоррупциялық сана қалыптастыруды көздейтін «ғылыми-ағарту» кластері құрылған. Аталған кластер аясында «Саналы ұрпақ» жобалық офисі, «Антикоррупциялық технологиялар» ғылыми-зерттеу институты және «Азаматтық бақылау» атты қоғамдық қабылдау офисі жұмыс атқаруда. Бұдан өзге, университетіміздің 16 факультетінде «Этикалық комиссия» және «Университеттің антикоррупциялық комиссиясы» белсенді жұмыс істеуде. «Саналы ұрпақ» студенттер клубы жұмыс істейді.

Антикоррупцияның жүйелі түрде алдын алу шараларының бірі- оқытушылардың қоғамдағы мәртебесі мен тұрмыстық жағдайын көтеру екендігі белгілі. Бұл үшін Президентіміз де бар жағдайды жасайтынын да мәлімдеді. Мәселен: «2021 жылдың 1-қаңтарынан бастап мұғалімдердің жалақысын 25 пайызға арттыру туралы шешім қабылданды. Президент, одан кейінгі уақытта да жалақы кезең-кезеңімен өсетін болады», - деді. Жолдауда Жоғары оқу орындарының да атқарар міндетінің ауыр екені атап көрсетілді: «Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек.»- деді Президент.

Қашан да жастарды қолдауды алдыңғы орынға қоятын мемлекет басшысы бұл жолдауда да: «Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек. Өз тұлғаларын жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр. Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек. Біз оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға күш саламыз» деп атап айтты. Сонымен қатар ғылым саласындағы ахуалға да ерекше назар аударуды талап етті. «Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз», отандық ғылым жүйесі қаншалықты сапалы әрі тиімді?»-дей келіп, Президент көкейімізде жүрген аса ауқымды мәселерге назар аударғанын университет ұжымы ықыласпен қабылдады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде Мемлекет басшысының биылғы тарихи маңызға ие жолдауын талқылай келе ұстаздар қауымы жолдау рухын негізге ала отырып, әлеуетті, дамыған Қазақстан құру жолында ұрпақ санасына ақаусыз білім нәрін себеуіміз керек екенін тағы да бір санамызға ұялатқандай болды. Жолдаудың негізгі мазмұнынан шығатын қорытынды мынау: әр сала қызметкерлері өз ісінің шебері болса, еліміздің болашағы бұдан да кемел, ұлт мәртебесі бұдан да биік болмақ.

*ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары:
М.Ш. Тойғанбекова, Ө.Д. Сандықбаева, А.М. Какенова*

Алтын күз жәрмеңкесі

2022 жылдың 22 қазанында Әл-Фараби кітапханасының алдындағы алаңда Қазақ ұлттық университетінің басқармасы төрағасы-Ректор Ж.Қ.Түймебаевтың қатысуымен Республика күніне орай «Алтын күз» атты мерекелік шарасына Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы мен шетелдік тыңдаушылары өнер көрсетіп, жәрмеңкені тамашалап қайтты. Жәрмеңкеде университетіміздің өзге де факультеттері өз көрмелерін көрсетті. Сонымен қатар жәрмеңкеде біздің кафедрамыздан "Жас шебер" үйірмесі қатысып, көрме ұйымдастырды. Көрмеде кітап, ұлттық әшекей бұйымдары қойылды. Алматының жеміс жидектер мен ұлттық тағамдар көрмесіде жәрмеңке көркін аша түсті. Концерттік бағдарламада қазақтың әуелеген әні мен мың бұралған биі, күмбірлеген күйі, сонымен бірге өзге халықтың ән-би өнері шарықтап тұрды. Концерттік бағдарламада факультетіміздің тыңдаушысы Монғолиядан келген қандас бауырымыз Қайрол Ақгүл моңғол биін нақышына келтіріп орындап, көрермен ризалығына бөленді. Бұл жәрмеңкеде біздің тыңдаушыларымыз жаңа ортаға бейімделіп, біздің елдің өткені мен қазіргі қалпын көрсету арқылы тарихымен, мәдениетімен танысты деп ойлаймын. Бұл бұрынғы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған азаттық таңы. Айрықша маңызға ие бұл күнді елін жерін сағынып келген қандас бауырларымызда сезінді деген ойдамыз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне келіп білім алып жатқан қандастарымызға осы атаулы мерекені ұлықтау ұстаз парызы. Осы орайда оларды университетіміздің көрікті жерлерін көрсетіп, кітапханамен таныстырдық. Республика күніне арналған жәрмеңке өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қызықты өтті. Осындай іс-шаралар әліде жалғасын табады деген ойдамыз.

әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары: Буланова Т.М., Дауытова Ж.Қ., Қасымова К